



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары,  
«AMANAT» партиясы  
фракциясының мүшелеріне**

*2022 жылғы 31 наурыздағы  
№ ДС-113 сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Тұрғын үй құрылысының сапасына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні уәкілетті органдар мониторинг жүргізіп, қолданыстағы заңнама нормалары аясында шаралар қабылдауда.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына сәйкес (144-баптың 3-тармағы.) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өтініштері, сондай-ақ адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша прокуратура органдарының тапсырмалары негізінде тексеру жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Шымкент және Павлодар қалаларында бұзушылықтар жойылып жатыр, ал Өскемен және Нұр-Сұлтан қалаларында барлық бұзушылықтар жойылды. Бұл ретте жауапты тұлғалар (тапсырыс беруші, мердігерлік ұйымдар және техникалық қадағалау жөніндегі сарапшылар) әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі – ЖАО) қатысты 127 тексеру жүргізді және лауазымды адамдарға қатысты 98 әкімшілік шара қабылдады. Бұл іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіліп тұрады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында бірқатар заңнамалық түзетулер әзірленіп жатыр.

Құрылысты тығыз және ретсіз салуға жол бермеу, сондай-ақ қала құрылысы нормаларының талаптарын сақтау мақсатында сапасыз жоспарлауды болдырмауға және аумақтарда тиімді құрылыс салуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қала құрылысы сараптамасын енгізу жоспарланған.

Бұдан басқа мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы уәкілетті органға лауазымды адамдардың жауапкершілігін көздеп объектілерді пайдалануға қабылдауға қатысу бойынша құзырет беру көзделеді, бұл объектілерде тұрақты мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылыс саласы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында жобалау, сараптама, құрылыс салу және одан әрі пайдалану кезеңдерінде цифрлық технологиялар енгізілді.

Онлайн-форматта құрылыс объектілерін, оның ішінде ақпараттық модельдеу технологияларын қолдана отырып модельдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық модельдердің мемлекеттік банкі әзірленді.

Онлайн-режимде қазаншұңқыр қазудан бастап пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңдегі құрылыс процестерін бақылауды қамтамасыз ететін «Е-Құрылыс» жүйесі кезең-кезеңімен іске қосылады.

«Маркетплейс» онлайн-платформасында құрылыс салушылар делдалсыз тікелей өндірушілерден құрылыс материалдарын сатып ала алады, ал «Е-Шаңырақ» платформасы тұрғын үй қорын басқарудың ашықтығын, пайдалану кезінде тұрғын үй-коммуналдық саланың мониторингі мен талдауын қамтамасыз етеді.

Жалпы құрылыс процестерінің ашықтығын күшейту және құрылыс сапасын арттыру мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында екенін атап өтеміз.

**Ә. Смайылов**



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан,  
членам партии фракции «АМАНАТ»***на № ДС-113 от 31 марта 2022г.***Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев депутатский запрос относительно качества строительства жилья, сообщаю следующее.

На сегодня уполномоченными органами проводится мониторинг и принимаются меры в рамках норм действующего законодательства.

В соответствии с нормами Предпринимательского кодекса Республики Казахстан (*п. 3 ст. 144*) на основании обращений физических и юридических лиц, государственных органов, а также поручений органов прокуратуры по конкретным фактам причинения вреда жизни, здоровью человека, окружающей среде и законным интересам физических и юридических лиц проводятся проверки.

В настоящее время нарушения устраняются в гг. Шымкенте и Павлодаре, а в гг. Усть-Каменогорске и Нур-Султане все нарушения устранены. При этом ответственные лица (*заказчик, подрядные организации и эксперты по техническому надзору*) привлечены к административной ответственности.

В то же время, в отношении местных исполнительных органов (далее – МИО) Министерством индустрии и инфраструктурного развития осуществлено 127 проверок и принято 98 административных мер в отношении их должностных лиц. Данные мероприятия проводятся на регулярной основе.

Вместе с тем на текущий момент в целях усиления государственного контроля ведется разработка ряда законодательных поправок.

В целях недопущения уплотнённой и хаотичной застройки, а также соблюдения требований градостроительных норм планируется внедрение градостроительной экспертизы, которая позволит исключить некачественное планирование и обеспечить эффективную застройку территорий.

Кроме того, предполагается наделение уполномоченного органа в сфере государственного архитектурно-строительного контроля компетенцией по участию в приемке объектов в эксплуатацию с предусмотренной

ответственностью должностных лиц. Это позволит обеспечить постоянный государственный контроль на объектах.

В то же время, в целях обеспечения прозрачности в строительной отрасли и жилищно-коммунальном хозяйстве внедряются цифровые технологии на этапах проектирования, экспертизы, строительства и дальнейшей эксплуатации.

Разрабатывается Государственный банк информационных моделей, который позволяет в онлайн-формате моделировать строительные объекты, в том числе с применением технологий информационного моделирования.

Поэтапно запускается система «Е-Құрылыс», обеспечивающая в онлайн-режиме контроль за процессами строительства на всех этапах – от рытья котлована до ввода в эксплуатацию.

Более того на онлайн-платформе «Маркетплейс» застройщики смогут напрямую без посредников покупать у производителей строительные материалы, а платформа «Е-Шаңырақ» обеспечит прозрачность управления жилищным фондом, мониторинг и анализ жилищно-коммунальной сферы на момент эксплуатации.

В целом отмечаем, что вопросы усиления прозрачности строительных процессов и повышения качества строительства находятся на постоянном контроле Правительства.

**А. Смаилов**